

"Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" Осакаров ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 86/02 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 3 ақпандағы № 12/01 қаулысы

Осакаров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" Осакаров ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қазандағы 86/02 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6501-09 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 19-бабына, "Автомобиль көлігімен (инвотакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) Осакаров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Нурмуханбетов